



Мектеп директоры: М.У. Утебаева Ж.Б.

2023 ж.

2023 -2024оқу жылына арналған «ЖББ Шахта мектебі»КММ-сі педагог-психологының ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары

| № | Мазмұны                                                                                                | Зерттеу әдісі                     | Уақыты          | Жауапты                     |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------|-----------------|-----------------------------|
| 1 | Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды анықтау, тізімін жасақтау, әлеуметтік куәлігін анықтау          | Диагностика                       | Қыркүйек        | Мектеп психологы            |
| 2 | Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың сыныптастарымен, сынып жеткішісімен қарым-қатынасын анықтау    | Диагностика                       | Қазан           | Мектеп психологы            |
| 3 | Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың сынып жетекшісі және пән мұғалімдерімен кездесу                | Кеңес, ұсыныс                     | Үнемі           | Мектеп психологы            |
| 4 | Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен нейрожаттығулар                                                | Нейрожаттығулар                   | Қараша          | Мектеп психологы            |
| 5 | Танымдық процесстерін дамытуға арналған ойын-жаттығулар<br>Фонематикалық есту қабілетін дамыту, байқау | Ойын-жаттығулар<br>Түзету –дамыту | Үнемі<br>Қаңтар | Мектеп психологы<br>Логопед |
| 6 | Оқушының ата – анасымен кездесу                                                                        | Кеңес                             | Үнемі           | Мектеп психологы            |
| 7 | Жүргізілген жұмыстар бойынша қорытынды                                                                 | Ақпарлама, есеп жазу              | Мамыр           | Мектеп психологы            |

Мектеп психологы: Сарғұл Ж.Қ.  
Отебаева А.К.

## 2023-2024 жылдағы ЕБҚЕ оқушылармен жүргізілген психологтың жұмыс туралы

### Ақпарат

2023-2024 жылы ЕБҚЕ оқушылармен жүргізілетін психологтың жұмысы 5 бағыт бойынша жасақталып ұйымдастырылды.

1. Психоадаптация
2. Психологиялық диагностика
3. Психокоррекция және дамыту.
4. Психологиялық –ағартушылық жұмыс. (педагогтар және ата-аналар)
5. Ұжыммен психологиялық жұмыс.

Инклюзив (ерекше білімді қажет ететін) оқушылар саны - 3 оқушы.

Ерекше үш оқушыларымыздың біреуі 9 сыныпта, екіншісі 3 сыныпта, үшіншісі 2 сыныпта оқиды. Қазіргі таңда 2 оқушының ортада өзін ұстауы, өзін қорғауы қалыпты, білім сапасы орта деңгейді көрсетіп отыр. Ал 2сыныпқа алғаш ерекше оқушы болып қабылданып отырған оқушының ортада өзін ұстауы, өз пікірін айта білуі,білім сапасы төменгі деңгейді көрсетіп отыр. Жалпы оқушының сыныптастарымен қарым-қатынасы үйлесімді құрылған.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың арнайы мамандардан алынған анықтама қағаздары бар. Бұл оқушылармен үнемі белгіленген кесте бойынша әр түрлі әдістемелік тапсырмалар, психологиялық дамыту, түзету жұмыстары жүргізіліп отырды. Мектепшілік консилиум ұйымдастырылып, ата-ананың келісімі алынып отырылды.

Бұл оқушыларға психологтың жылдық жоспардан бөлек ПМПК қортындысына сай жеке дамыту жоспарлары жасақталып, жұмыстар баланың дамуына қарай жүргізіліп отырылды.

**Ұжым мүшелеріне**, сынып жетекшілерге және де пән мұғалімдеріне арналған жиналыс ұйымдастырылды. Жаңадан келген мұғалімдерге ЕБҚЕ оқушылар «**Инклюзивті білім беру**» дегеніміз не түсіндіріліп, балаларды үйірмеге қатыстыруға, қоғамдық жұмыстарға қатыстыртуға тарту туралы да сөз қозғалды. Ары қарай психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

**Ата-аналарға «Сөйлеу тілінің түзетудің басты құралы »** атты тақырыбында кеңестер беріліп, жаттығулар ұйымдастырылды. Ата-аналарға кабинетпен таныстырып, балалармен жасалып жатқан жұмыстармен таныстырып, баланың қазіргі кездегі жағдайына қарай ата-аналарға психологиялық кеңестер айтылды. Ата-аналар тарапынан сұрақ болды. Сұраққа нақты жауаптарында алды.

Оқушылардың сынып жетекшілерімен үнемі сабақ тапсырмаларын қалай орындайды, сыныптастарымен бірге ойнайды ма осы мақсатта байланысып, сабағына қатысып отырудамыз.

Оқушыларды қажеттіліктеріне, дамуына қарай әр қайсысына жасақталған жеке-дамыту сабаққа алып нейрогимнастикалық жаттығулар үнемі жасатуға, екі қолды пайдалана отырып суреттер салғызуды, үзік сызықтарды біріктіріп жалғастыруға, екі қолмен жолақтар бойымен қолын алмай жасату жаттығуларын орындатамыз.

Қазіргі таңда бұл оқушылардың білім сапасы, ортадағы қарым-қатынасы, өз пікірін білдіруі қалыпты деңгейде болса, биыл қосылған оқушыға барлық процестерді бойынан өткізуде көмекті қажет етіп отыр. Сондықтанда бұл оқушыға үнемі психологиялық қолдау көрсетіліп, сынып жетекшісі тарапынан үздіксіз бақылауды, көмекті қажет етеді.

Жалпы жүргізіліп жатырған психологиялық жаттығулардың пайдасы жоғары. Дамыту жаттығуларын орындап жасай алады. Мидың оң және сол жақ бөліктерінің үйлесімді жұмыс жасауы үшін қажет. Ми жақсы жұмыс жасап тұрса, оқушыда алға ілгерілеушілік жоғары болады. Сондықтан

Ерекше оқушылармен «Көңілді шарлар», «Жақсы мен жаман», «Жасөспірім оқушылардың психологиялық саулығы» атты психологиялық тренингтер ұйымдастырылды. Сыныпта бейімделуге, жақсы қарым-қатынас жасау үшін бір –бірлерімен ойын жаттығулар жүргізіледі. Жүргізілген жаттығуларға оқушылар белсенділік танытып, жылдам әрі тез орындауға тырысады. Оқушылардың бойында бақталастық байқала бастады. Яғни оқушылар өздерін өз ортасында керек сезіне бастағаны байқалады.



Педагог- психолог : *М.С.* Сарғұл Ж.К  
*А.К.* Отебаева А.К